

АКТӨБЕ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

№65 (21.723)

18 тамыз
сейсенбі
2026 жыл



1924 жылдың 7 маусымынан бастап шығып келеді

www.aqtobegazeti.kz

aktobegazeti@mail.ru

Өзекті



КӘРІЗ ТАЗАРТУ КЕШЕНІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Өткен сенбіде Асхат Шахаров көріз тазарту станциясының құрылысы мен жылу желілерін қайта жаңғырту барысымен танысты.

Көріз тазартатын жаңа қондырғы 45 жыл болған ескі станцияны алмастырады. Жобаны іске асыру көріз жүйесінің тозған инфрақұрылымын жаңартуға, орталықтан-дырылған көріз жүйесімен қамтылғандар санын арттыруға және болашақта қаланың дамуына қажетті қуат резервін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қолданыстағы көріз тазарту кешені 1981 жылы салынып біткен. Аталған кешен тәулі-

налдыру, ал биогазды электр энергиясын өндіруге пайдалану жоспарланған. Жаңа кешен — қаланың дамуымен қатар, экологиялық және санитариялық қауіпсіздікке де көрек. Жобаны қаржыландыру мемлекеттің көпіл болуымен Еуропалық қайта құру және даму банкінің несие қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Болашақта қарызды өтеу және оған қызмет көрсету шығындарының 90 пайызын республика бюджетінен, 10 пайызын жергілікті бюджеттен жабатын боламыз. Яғни, тұрғындардың мойнына қаржылық жүктеме артылмайды. — Район облыс әкімі

ағын суды өңдей алады. Бұл қала үшін ұзақмерзімді перспективаға қажетті қуат резервін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жоба аясында қолданыстағы инфрақұрылым бойынша да жұмыс қарастырылған. Атап айтқанда, тазартылған суды бұратын екі құбырды санақиялау және герметизациялау жоспарлануда. Нысанда жұмыс басталып кетті. Құрылыс алаңына мердігер ұйымның мамандары жұмылдырылған. Жұмыс ауқымы көбейгендіктен жұмысшы санын 350 адамға жеткізу жоспарланып отыр. Бұл жоба пайдалануға берілгеннен кейін тазарту кешені

бұрынғы нысанның одан әрі пайдалану жағдайы және оны реконструкциялау қажеттілігі айқындалады.

Қазір кешеннің негізгі алаңдары қазылып, іргетасы қаланып жатыр. Көріз суын тазартатын кешенді 2028 жылдың мамыр айында қолданысқа беру жоспарлануда.

Одан соң облыс әкімі Асхат Шахаров Қарасай батыр көшесіндегі жылу желісінің бір бөлігін қайта жаңғырту барысымен танысты. Жаңғыртылатын учаскенің ұзындығы — 480 метр, құбыр диаметрі — 630 миллиметр. Аталған учаске қаланың ескі бөлігінің 65 пайызын жылумен қамтамасыз етеді. «Aqtope su-energy group» АҚ бас директоры Нағымжан Алдияровтың айтуынша, қысқа дайындық бойынша жалпы соммасы 2,5 млрд қаражатқа мекеменің 15,6 шақырымды құрайтын инженерлік желілері қайта жаңғыртылып жатыр. Бүгінде қаланың ескі бөлігінің 65 пайызын жылумен қамтитын жылу желісі жаңғыртылуда.

— Қалада 103 жеке қазандық бар. Қазір жылумен жабдықтау бойынша 74 пайыз жұмыс орындалды. Қаладағы 21 нысанның 16-сы жөнделіп болды. Көріз су бұру жүйелері бойынша 14 нысанның 8-і жаңартылды. Бүгінде Қарасай батыр көшесіндегі жылу құбырларын ауыстыру қаржыны жүргізілуде. Қазір мұнда 21 маман мен 16 арнайы техника жұмыс істеуде. Қарасай батыр көшесінің Жүргенов көшесінен Жанқожа батыр көшесіне дейінгі аралығында ұзындығы 400 метр жылу желісі қайта жаңғыртылуда. Диаметрі 530 миллиметр қолданыстағы құбырдың орнына диаметрі 630 миллиметр жаңа құбыр тартылып отыр. Бұл желінің өткізу мүмкіндігін және жылумен қамтудың тұрақтылығын арттырып, қамтамасыз етеді. Жалпы 500 метр құбырды 800 метрге дейін ұзарту көзделген. Бір алпа көлемінде жылыту маусымына да-

Спорт күні

МЫҚТЫЛАР МЕКЕНІ

Елімізде жыл сайын тамыз айының үшінші жексенбісінде Спорт күні аталып өтеді. Кәсіби мерекеде облыс әкімдігінің мәжіліс залында спорт саласының өкілдері бас қосқан салтанатты шара өтті.

Жиында спортшылар мен жаттықтырушыларды құттықтаған өңір басшысы Асхат Шахаров мемлекет тарапынан спорт саласына көрсетіліп отырған қолдауды сөз етті. Сондай-ақ бұқаралық спортты дамыту мен жас ұрпақты салауатты өмір салтына баулуда спортшылар мен жаттықтырушылардың еңбегін жоғары бағалады.

— Өңірімізде ел туын өлемдік додаларда желбіретіп жүрген талай саңлақ тәрбиеленіп келеді. Биылдың өзінде облыс спортшылары өлем және Азия чемпионаттарынан 10 медаль еншіледі: үш ал-

лыбек Аденов, Қандыағаш балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің ауыр атлетика және пауэрлифтинг жаттықтырушысы Тұрар Тенелов, сондай-ақ шығыс жекпе-жек түрлері бойынша балалар-жасөспірімдер спорт мектебі директорының орынбасары Гүлжан Өмірова марапатталды.

Бұдан бөлек бірқатар маман мен жаттықтырушы Туризм және спорт министрлігінің, сондай-ақ облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хатына ие болды.

Солардың қатарында семсерлесу жаттықтырушысы Нұрдаулет Амангел-



«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

«Ақтөбе облысы, Хромтау ауданындағы Ор өзенінде «Жамбыл» су қоймасын салу» жұмыс жобасы бойынша қоршаған ортаға әсерді бағалау тақырыбында ашық жиналыс арқылы қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Әсер ету аумағы — Ақтөбе облысы Хромтау және Мұғалжар аудандарының шекарасындағы Ор өзенінде: 49°48'19.00"С 58°37'40.23"В; 49°48'14.63"С 58°38'28.85"В; 49°47'27.28"С 58°37'36.92"В;

49°45'37.36"С 58°37'29.23"В; 49°45'8.44"С 58°38'28.88"В; 49°41'27.69"С 58°34'54.37"В; 49°43'26.11"С 58°29'56.57"В; 49°44'49.36"С 58°34'32.10"В; 49°46'34.21"С 58°36'17.28"В.

Қоғамдық тыңдау 2026 жылғы 22 қыркүйек сағат 11.00-де: Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Қопа ауылы, Мәметова 22 көшесі (Мәдениет үйі) мекенжайы бойынша.

Онлайн қатысу үшін сілтеме бойынша өту керек:

<https://us05web.zoom.us/j/81970079461?pwd=H7gCfiSYJrD5J3azbCK3F6PILCr2vF.1>.

Чат конференциясына сілтеме: <https://us05web.zoom.us/jc/81970079461>.

Конференция идентификаторы: 819 7007 9461; кіру коды: 2aeZbi

Бастамашысы: «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан даңғылы, 40, индекс 030000, Тел/факс: 8(7132) 55-09-30, БСН 030640002191, aktobe.urgpr@yandex.kz.

Жобалық құжаттаманы әзірлеушінің деректемелері: «Ақтөбе Жоба» ЖШС, БСН 070940021919, Ақтөбе қ., Ағайынды Жұбановтар к-сі, 278 А, каб. 12, тел.: 8 705 5374242, e-mail: aktobe_zhoba@mail.ru.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен сайтта танысуға болады <https://ndbecology.gov.kz/> жергілікті атқарушы органның сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты мына телефондар бойынша білуге болады: 8 705 5374242, e-mail: aktobe_zhoba@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Ақтөбе облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ қабылдайды, aktobe.urgpr@yandex.kz. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40.

ХАБАРЛАНДЫРУ

**АИТВ ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ
«ОБЛЫСТЫҚ ОРТАЛЫҚ ПАЦИЕНТТЕРДІ
ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІ»**

**АИТВ-ЖИТС сұрақтары бойынша сенім телефоны
жұмыс істейтінін хабарлайды: 21-31-97.**

**Сенбі, жексенбіден басқа күндері
сағат 9.00-ден 16.00-ге дейін.**